

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 492 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-І, 18-ІІ, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; 2015 жылғы 8 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 28 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 29 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 7 мамырда «Егемен

Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 21 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 415-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қызметті тоқтата тұрып не онсыз, өнім тәркілене отырып не онсыз, аккредиттеу аттестатынан, сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың аттестаттарынан айыра отырып, жеке тұлғаларға – қырық бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) 425-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қызметті тоқтата тұрып не онсыз, өнім тәркілене отырып не онсыз, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 715-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар осы Кодекстің 203, 415 (бірінші бөлігінде), 417 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 418, 419 (бірінші бөлігінде), 464 (бірінші бөлігінде), 638 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

4) мынадай мазмұндағы 715-1-баппен толықтырылсын:

«715-1-бап. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 193 (бірінші бөлігінде), 415 (бірінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақшаларында)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік жазаларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі орталық уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосының басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ аумақтық органдардың басшылары мен олардың орынбасарлары қолдануға құқылы.»;

5) 804-баптың бірінші бөлігінің 63) тармақшасындағы «органдарының (462-бап) уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар.» деген сөздер «органдарының (462-бап);» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 64)

«64) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының (193 (үшінші бөлігі), 415 (екінші бөлігі)-баптар) уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар.».

2. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат):

мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

«15-1-бап. Тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеудің және қабылдаудың ерекшеліктері

1. Орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасын сараптамалық қорытынды алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде түсіндірме жазбаны міндетті түрде қоса бере отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестерге жібереді.

Тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптамалық қорытынды ұсыну үшін мемлекеттік органдар белгілейтін мерзім тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңеске жоба келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

2. Тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбада нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізілуіне байланысты тұтынушылардың шығыстарын азайту және (немесе) ұлғайту қажеттілігін растайтын есеп-қисаптың нәтижелері қамтылуға тиіс.

3. Сараптамалық қорытындылар сарапшылық кеңес мүшелерінің жинақталған пікірін білдіреді, ұсынымдық сипатта болады және нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін оның жобасына, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде міндетті қосымша болып табылады.

Сараптамалық қорытындылар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

4. Мемлекеттік орган сараптамалық қорытындымен келіскен кезде нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Мемлекеттік орган сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда,

тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес мүшелеріне келіспеу себептерінің негіздемесі бар жауап жібереді. Негіздемесі бар мұндай жауаптар нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін оның жобасына міндетті қосымша болып табылады.

Нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ескертпелері бар сараптамалық қорытынды ұсынылған және сарапшылық кеңес мүшесі сарапшылық кеңестің отырысын өткізуді талап еткен жағдайларда, осындай отырыстың өткізілуі міндетті болып табылады.

Бұл ретте сарапшылық кеңестің отырыстары сарапшылық кеңес мүшелерін тікелей шақыру арқылы не нақты уақыт режимінде интернет-конференция өткізу арқылы өткізілуі мүмкін.

5. Нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енгізілу тәртібі мен мерзімдері тұтынушыларға залал келтірмеуге тиіс.

6. Осы бапта көзделген рәсімдер тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың міндетті шарттары болып табылады.».

3. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 жылғы 28 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

13-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Өзінің жобалау құжаттамасына және мемлекеттік құрылыс нормалары мен қағидаларында көзделген тұрғын жайлардың сыныптамасына сәйкес келмейтін салынып жатқан, сондай-ақ пайдалануға берілген тұрғын үйді (тұрғын жайды) жарнамалауға тыйым салынады.».

4. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

1-бап мынадай мазмұндағы 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:

«24) жаппай сату – тиісінше сападағы тауарларды төмендетілген бағамен өткізу;

25) арзандатылған тауар – кемшілігінің болуына, кемшілігінің жойылуына байланысты төмендетілген бағамен өткізілетін тауар.»;

12-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Жаппай сату немесе арзандату арқылы болатын сауда тәртібі ішкі сауда қағидаларында белгіленеді.».

5. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат, № 23, 143-құжат):

18-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар пайдаланған электр энергиясы үшін ақы төлеу бойынша берешегі бар болған жағдайда тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатуға құқығы жоқ.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар пайдаланған жылу энергиясы үшін ақы төлеу бойынша берешегі бар болған жағдайда тұтынушыға электр энергиясын беруді тоқтатуға құқығы жоқ.».

6. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 101-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 17, 79-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

15-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Өзінің жобалау құжаттамасына және мемлекеттік құрылыс нормалары мен қағидаларында көзделген тұрғын жайлардың сыныптамасына сәйкес келмейтін салынып жатқан, сондай-ақ пайдалануға берілген тұрғын үйді (тұрғын жайды) жарнамалауға тыйым салынады.».

7. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 1-баптағы 5), 7), 9), 11), 15) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кепілді мерзім – тауар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) дайындалған, сатып алынған күннен бастап есептелетін, сатушы (орындаушы) тауар тиісінше пайдаланылған және сақталған жағдайда оның сапасына (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің нәтижесіне) кепілдік беретін, дайындаушы (орындаушы), заңнамада немесе шартта күндермен, айлармен, жылдармен белгіленген уақыт кезеңі немесе сағаттармен, іске қосу циклдарымен, жүріс километрімен немесе осыған ұқсас өзге де көрсеткіштермен белгіленген атқарылым;»;

«7) қызмет ету мерзімі – тауарды (жұмыс нәтижесін) мақсаты бойынша пайдалану мүмкін болатын, тауардың (жұмыс нәтижесінің) функционалдық мақсатына сүйене отырып заңнамада немесе шартта көзделген күндермен, айлармен, жылдармен белгіленген уақыт кезеңі немесе сағаттармен, іске қосу циклдарымен, жүріс километрімен немесе осыған ұқсас өзге де көрсеткіштермен белгіленген атқарылым;»;

«9) сақтау мерзімі – белгіленген сақтау шарттары сақталған кезде тауар (жұмыс нәтижесі) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарда және (немесе) шартта көрсетілген сапасын, қасиеттерін және сипаттамаларын сақтайтын уақыт кезеңі;»;

«11) тауар – тұтынушының жеке тұтынуына немесе пайдалануына арналған дайындаушы (орындаушы) қызметінің нәтижесі (өнімі), жеке тұтыну үшін жеткізілетін электр және жылу энергиясы, газ, су, оның ішінде жылжымайтын мүлік;»;

«15) тұтынушы – жеке өзінің, отбасылық, үй және кәсіпкерлік немесе кәсіби қызметке байланысты емес өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана арналған тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тапсырыс беру немесе соларды иелену ниеті бар не тапсырыс беретін, оларды иеленетін және (немесе) пайдаланатын кез келген ж е к е т ұ л ғ а ;

16) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында басшылықты және реттеуді, тұтынушыларға өткізілетін өнім мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;

мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«17) тұтынушылардың қоғамдық бірлестігі – құрылуының негізгі мақсаты тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау болып табылатын қ о ғ а м д ы қ б і р л е с т і к ;

18) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі сараптама кеңесі (бұдан әрі – сараптама кеңесі) – орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы және өкілді о р г а н д а р ж а н ы н а н :

тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптамалық қорытындылар алу;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою

мақсатында заңнаманы және мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін құрылатын консультативтік-кеңесші орган.»;

2) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тұтынушылардың қаржылық, әлеуметтік, медициналық, туристік және өзге де көрсетілетін қызметтер салаларындағы құқықтары, сондай-ақ оларды қорғау мәселелері, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің құқықтары мен өкілеттіктеріне қатысты осы Заңның ережелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.»;

3) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

«2-1-бап. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың негізгі қағидаттары

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мынадай:

1) өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіруден тұтынушыларды қорғау;

2) тұтынушылардың экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерінің басымдылығы және осы мүдделерді қорғау;

3) сатушы (дайындаушы, орындаушы) ұсынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпараттың қолжетімділігі және дәйектілігі;

4) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) таңдау еркіндігіне құқығын іске асыру жағдайларын қамтамасыз ету;

5) тұтынушыларды сауаттандыру;

6) тұтынушылардың құқықтарын шектейтін әрекеттер мен шешімдерге шағымдану процесінің әділеттілігі қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.»;

4) 4-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) отырыстарда жылына кемінде екі рет тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін қарайды;

1-2) жыл сайын 1 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жай-күйі туралы жылдық есепті жібереді;»;

5) 5 және 6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

4) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық

актілерді әзірлейді және бекітеді;

5) тұтынушылардың шағымдарына жартыжылдық, жылдық талдауды және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне жыл сайынғы талдауды жүргізеді;

6) мемлекеттік органдарға осы Заңды және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұза отырып қабылдаған өз шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныс енгізеді;

7) тұтынушыларға хабарлауды, консультация беруді және сауаттандыруды жүзеге асырады;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғайды және қарайды;

9) сатушыларға (орындаушыларға, дайындаушыларға) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктері шегінде анықталған тұтынушылар құқықтарын бұзушылықтарды жою бойынша, тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қойылатын міндетті талаптарды сақтау қажеттілігі туралы нұсқамалар береді;

10) тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

11) оннан астам тұтынушының бір мәселе бойынша құқықтары бұзылған жағдайларда тұтынушылардың айқындалмаған тобының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгінеді;

12) Қазақстан Республикасының Үкіметіне тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жай-күйі туралы жылдық есепті жыл сайын 1 мамырдан кешіктірмей жібереді;

13) тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға қатысады;

14) тұтынушылардың құқықтарын қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасын және мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру туралы ұсыныстарды әзірлеу бойынша сараптама кеңестерімен өзара іс-қимыл жасайды;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6-бап. Мемлекеттік органдардың құзыреті  
Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) жеке немесе заңды тұлғалардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өтініштерін қарайды;

2) Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзушыларға жауаптылық шараларын қолданады;

3) уәкілетті органмен тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін



қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі;

4) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

5) тұтынушыларға хабарлауды, консультация беруді және сауаттандыруды жүзеге асырады;

6) тұтынушыларға олардың денсаулығына және қауіпсіздігіне қатері бар тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы хабарлайды;

7) уәкілетті органға тұтынушылардың құқықтарын бұзу туралы түскен өтініштер бойынша және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қызмет туралы жыл сайынғы ақпаратты 1 наурыздан және жартыжылдық ақпаратты 1 қыркүйектен кешіктірмей ұсынады;

8) оннан астам тұтынушының бір мәселе бойынша құқықтары бұзылған жағдайларда тұтынушылардың айқындалмаған тобының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгінеді;

9) тұтынушылардың құқықтарын бұзу туралы түскен өтініштер бойынша статистикалық деректерді және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қызмет туралы ақпаратты жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

10) сараптама кеңестерін құрады және олардың қызметін ұйымдастырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасын тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жетілдіру қажеттілігі тұрғысынан талдайды және оның қорытындылары бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

б) мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-баптармен толықтырылсын;

«6-1-бап. Мемлекеттік органдар жанындағы сараптама кеңестері

1. Орталық мемлекеттік органдардың жанындағы сараптама кеңестеріне тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері кіреді.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жанындағы сараптама кеңестеріне тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдері кіреді.

Сараптама кеңестерінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2. Орталық мемлекеттік және жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жанындағы сараптама кеңестерінің құрамдары мемлекеттік органдар басшыларының шешімдерімен бекітіледі.

3. Тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіні әзірлейтін мемлекеттік орган мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, оны сараптама кеңесінің қарауына енгізеді.

4. Сараптама кеңесінің нормативтік құқықтық актінің жобасын қарауы оны

сараптама кеңесінің мүшелеріне жіберу арқылы отырыс өткізбестен жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Егер тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын кез келген мәселе тиісті мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, осы мәселе сараптама кеңесінің қарауына шығарылуы мүмкін.

6-2-бап. Тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

Тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

7) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«8-бап. Тауарларды иеленуге (жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге) еркін шарттар жасасу құқығы

1. Тұтынушының тауарларды иеленуге (жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге) арналған еркін шарттарды жасасуға құқығы бар.

Тұтынушыны тауарларды иеленуге (жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге) арналған шарттарды жасасуға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

2. Тұтынушымен тауарларды иеленуге (жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге) жасалған шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге және мынадай талаптарға сәйкес келуге:

1) шарттың нысанасын анық айқындауға;

2) тауарларды сатып алу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) шарттарын қамтуға;

3) тұтынушының құқықтары мен міндеттерін айқындауға;

4) сатушының (дайындаушының, орындаушының) тиісті құқықтары мен міндеттерін айқындауға;

5) тауарды қайтарып беру және (немесе) айырбастау негіздері мен мерзімдерін қамтуға;

6) тауар (жұмыс, қызмет) үшін төленген соманы қайтарып беру және (немесе) сатып алынған тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтеу шарттары мен мерзімдерін қамтуға;

7) тауардың (жұмыстың) кепілді мерзімін, жарамдылық, сақтау және (немесе) қызмет ету мерзімдерін қамтуға;

8) шарттың мәтіні қазақ және орыс тілдерінде бірыңғай қаріппен, біртүсте, одан кіші қаріппен сілтемелерсіз басып шығарылуға;

9) тұтынушының құқықтарын бұзатын шарттарды қамтымауға;  
10) мағыналық және құқықтық жүктемесі және шарттың нысанасына қатысы жоқ шарттарды және анықтамаларды қамтымауға;

11) мейлінше қысқа, түсінікті болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.»;

8) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

«8-1-бап. Шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзатын талаптар

1. Сатушы (орындаушы, дайындаушы) тұтынушымен жасалған шарттарға тұтынушының құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын талаптарды енгізбегенге тиіс.

2. Шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын талаптар:

1) тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жағдайда сатушыны (орындаушыны, дайындаушыны) жауапкершіліктен босату немесе оны негізсіз шектеу;

2) сатушы (дайындаушы, орындаушы) шарттық міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тұтынушының құқықтарын алып тастау немесе шектеу;

3) сатушы (орындаушы, дайындаушы) қосымша күштеп алдырған ақылы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша тұтынушылардың міндеттемелерін белгілеу;

4) тұтынушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда оның шамадан тыс қомақты (тауар, көрсетілетін қызмет, жұмыс құнының елу пайызынан астам) соманы төлеуі бойынша талапты белгілеу;

5) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шарттың талаптарын өз қалауы бойынша өзгерту құқығын беру;

6) сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) шарт бұзылған жағдайда ұсынылмаған тауар (көрсетілмеген қызмет, жұмыс) үшін төленген ақшалай соманы қайтармау құқығын беру;

7) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тұтынушыны бұл туралы хабардар етпестен, онымен белгісіз мерзімге жасалған шартты бұзу құқығын беру;

8) басқа шарттардағы талаптарды, міндеттемелерді және қаржылық талаптарды белгілеу;

9) тұтынушыға шартты бұзу құқығын берместен, сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) бағаны ұлғайту мүмкіндігін беру;

10) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) тауардың шарт талаптарына сәйкестігін анықтау құқығын беру немесе оған шартты түсіндіру құқығын беру;

11) сатушының (орындаушының, дайындаушының) жауапкершілігін оның өкілдері

алған міндеттемелер бойынша шектеу;

12) егер сатушы (орындаушы, дайындаушы) өз міндеттемелерін орындамайтын болса, тұтынушының барлық міндеттемелерді орындау міндетін белгілеу;

13) егер бұл шартта белгіленген кепілдіктерді және міндеттемелерді азайту салдарынан болуы мүмкін болса, сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шарт бойынша өз құқықтарын және міндеттерін үшінші тұлғаға тұтынушының келісімінсіз беру құқығын беру;

14) тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын өзге де талаптар.

3. Егер тұтынушының құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын шарттың талаптарын қолдану салдарынан тұтынушыға залал келтірілген болса, кінәлі адам оларды толық көлемде өтеуге тиіс.

4. Тұтынушының оған сатушының (орындаушының, дайындаушының) өз жағдайының соңғы артықшылықтарын пайдалануына байланысты ол келтірген залалды өтеуге құқығы бар.

5. Тауарды сату, жұмысты орындау, қызметті көрсету туралы сатушы (орындаушы, дайындаушы) мен тұтынушының арасында жасалған кез келген шарт оларды түсіну үшін арнайы білімді қажет етпейтін, анық тұжырымдалған және екіұдай түсіндіруді болғызбайтын талаптарды қамтуға тиіс.»;

9) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тұтынушы өзіне азық-түліктік емес тауар берілген кезден бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде, егер сатушы (дайындаушы) бұдан ұзақ мерзім жарияламаса, сатып алынған тауарды бағасында айырма болған жағдайда сатушымен (дайындаушымен) қажетті қайта есептесе отырып, басқа өлшемдегі, нысандағы, габариттегі, пішіндегі, түстегі, жиынтықталымдағы соған ұқсас тауарға айырбастауға құқылы.

Айырбастау осы Заңның 30-бабына сәйкес жүргізіледі.»;

10) 17 - бапта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы бөліктермен толықтырылсын :

«Егер берілген күнді анықтау мүмкін болмаса, бұл мерзімдер тауар дайындалған күннен бастап есептеледі.

Егер тауардың дайындалған күнінде тауардың дайындалған айы мен жылы немесе жылы ғана көрсетілсе, тиісінше айдың немесе жылдың соңғы күні оның дайындалған күні болып есептеледі.»;

мынадай мазмұндағы 3, 4, 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Маусымдық тауарлар (киім, аяккиім, тері бұйымдары және өзгелер) үшін кепілді мерзімдер тиісті маусымның басталған кезінен бастап:

1) көктемгі-жазғы ассортимент тауарлары үшін – 1 сәуірден бастап;

2) күзгі-қысқы ассортимент тауарлары үшін 1 қыркүйектен бастап есептеледі.

Маусымдық мақсаттағы аяқкиім үшін киюдің кепілді мерзімдері:

1) қысқы аяқкиім үшін – 15 қарашадан бастап;  
2) көктемгі және күзгі аяқкиім үшін – тиісінше 1 наурыздан және 15 қыркүйектен  
б а с т а п ;

3) жазғы аяқкиім үшін – 1 мамырдан бастап есептеледі.

Өзге де маусымдық жіктемесі бар маусымдық тауарлар үшін кепілді мерзімдерді есептеу қағидалары шартпен белгіленеді. Кепілді мерзімнің ағымы басқа маусым басталғанда тоқтатылады. Егер маусымдық тауарда оны пайдалану кезінде кемшіліктер тиісті маусым басталғанға дейін анықталса, кепілді мерзім тұтынушы мәлімдеген осындай тауарды пайдалану басталған күннен бастап есептеледі.

Тауарларды электрондық сауда арқылы сату кезінде, сондай-ақ, сатып алу-сату шартын жасасу кезі мен тұтынушыға тауарды беру кезі тұспа-тұс келмеген жағдайларда, кепілді мерзім не тауардың кемшіліктерін анықтауға арналған мерзім – тауарды тұтынушыға берген (жеткізген) күннен бастап, ал егер тауар арнайы орнатуды (қосуды) немесе жинауды қажет етсе, оны орнатқан (қосқан) немесе жинаған күннен  
б а с т а п е с е п т е л е д і .

Егер тұтынушы сатушыға (дайындаушыға) байланысты мән-жайлар бойынша тауарды пайдалану мүмкіндігінен айырылса, кепілді мерзім не тауардың кемшіліктерін анықтауға арналған мерзім сатушы (дайындаушы) осындай мән-жайларды жойғанға дейін есептелмейді. Егер тауарды беру (жеткізу), орнату (қосу) немесе жинау, салдарынан тұтынушы тауарды мақсатына сай пайдалана алмайтын, сатушыға байланысты мән-жайлардың жойылу күнін айқындау мүмкін болмаса, бұл мерзім сатып алу-сату шартын жасаған күннен бастап есептеледі.

4. Кепілді мерзімдер негізгі тауардың жиынтықтаушы бұйымдарына және құрамдас бөліктеріне белгіленуі мүмкін. Жиынтықтаушы бұйымдарға және құрамдас бөліктерге кепілді мерзімдер негізгі тауарға арналған кепілді мерзім сияқты тәртіппен есептеледі.

Тауардың жиынтықтаушы бұйымдарына және құрамдас бөліктеріне арналған кепілді мерзімдер, егер шартта өзгеше белгіленбесе, негізгі бұйымға арналған кепілді мерзімге  
т е ñ б о л ы п с а н а л а д ы .

Егер шартта тауардың жиынтықтаушы бұйымына және құрамдас бөлігіне кепілді мерзімнің ұзақтығы негізгі бұйымға кепілді мерзімге қарағанда аз болып белгіленсе, егер шартта өзгеше көзделмесе, тұтынушы тауардың жиынтықтаушы бұйымының және құрамдас бөлігінің кемшіліктерін негізгі бұйымға кепілді мерзім ішінде анықтаса, оларға байланысты талаптарды қоюға құқылы.

Егер жиынтықтаушы бұйымға кепілді мерзім ұзақтығы негізгі бұйымға қарағанда артық болып белгіленсе, тұтынушы негізгі тауарға кепілді мерзімнің өтуіне қарамастан, жиынтықтаушы бұйымның кемшіліктері осы бұйымға кепілді мерзім ішінде анықталған жағдайда тауардың кемшіліктеріне қатысты талаптарды қоюға құқылы.

5. Осы бапта көрсетілген мерзімдер осы Заңның 25-бабына сәйкес тұтынушыға

берілетін тауар туралы ақпаратта тұтынушының назарына жеткізіледі.

6. Шартта көзделген кепілді мерзім екі жылдан кем болған және тұтынушы тауардың кемшіліктерін кепілді мерзім өткен соң, бірақ екі жыл шегінде анықтаған жағдайларда, егер тауардың кемшіліктері оны тұтынушыға бергенге дейін немесе сол кезге дейін туындаған себептер бойынша пайда болғанын дәлелдесе, тұтынушы сатушыға (дайындаушыға) осы Заңның 15-бабында көзделген талаптарды қоюға қ ұ қ ы л ы .

7. Тауарда өндірістік, рецептуралық және өзге де тозуға, ескіруге және басқа да физикалық процестерге байланысты емес кемшіліктер тауарды тұтынушыға берген күннен бастап екі жыл өткен соң, ал жылжымайтын мүлікке қатысты – егер заңнамада және (немесе) шартта одан да ұзақ мерзім белгіленбесе, оны тұтынушыға берген күннен бастап үш жыл ішінде кемшіліктер анықталған жағдайда, егер тұтынушы кемшіліктердің тауарды тұтынушыға өткізгенге дейін немесе осы кезге дейін туындаған себептер бойынша пайда болғанын дәлелдесе, дайындаушыға тауардың кемшіліктері туралы талаптар қоюға құқылы. Көрсетілген талаптар, егер тауардың кемшіліктері тауарға белгіленген кепілді мерзім ішінде немесе, егер кепілді мерзім белгіленбеген болса, тауар тұтынушыға өткізілген күннен бастап он жыл ішінде қ о й ы л у ы м ү м к і н . » ;

11) мынадай мазмұндағы 17-1, 17-2 және 17-3-баптармен толықтырылсын:

«17-1-бап. Дайындаушының (сатушының) тауардың кемшіліктерін жоюы

1. Егер тауардың кемшіліктерін жою мерзімі жазбаша нысанда айқындалмаса, бұл кемшіліктерді дайындаушы (сатушы) күнтізбелік он күн ішінде жоюға тиіс. Тауар кемшіліктерін жоюдың шартта айқындалатын мерзімін күнтізбелік он күннен асыруға б о л м а й д ы .

Егер тауардың кемшіліктерін жою уақытында олардың мерзімінде жойылмайтыны анық болған жағдайда тараптар мерзімді күнтізбелік он күнге ұзарту туралы шарт жасасуы мүмкін. Бұл ретте тауардың кемшіліктерін жоюға қажетті қосалқы бөлшектердің (детальдардың, материалдардың), жабдықтардың, маманның және басқалардың болмауы мерзімнің бұзылғаны үшін жауаптылықтан босатуға негіз болып т а б ы л м а й д ы .

2. Тауардың кемшіліктері жойылған жағдайда оған кепілді мерзім тауар кемшіліктері жойылуда болған кезеңге ұзартылады. Көрсетілген кезең тұтынушының тауар кемшіліктерін жою туралы талаппен жүгінген күнінен бастап тауар берілген күнге дейін есептеледі. Дайындаушы (сатушы) тауарды берген кезде тұтынушыға кепілді мерзімнің ұзартылғаны туралы ақпаратты жазбаша нысанда беруге міндетті.

3. Тауардың кемшіліктері жиынтықтаушы бұйымды немесе құрамдас бөлікті ауыстыру арқылы жойылған кезде кепілді мерзім, егер ол тауардың өзінің кепілді мерзімінен ұзақ болса, ауыстырылған бөліктерінің ұзақтығымен белгіленеді.

17-2-бап. Тиісті емес сападағы тауарды ауыстыру

1. Тұтынушы тауардың кемшіліктерін анықтаған және оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда сатушы (дайындаушы) оны дереу, ал сатушының (дайындаушының) тауардың сапасын қосымша тексеруі қажет болған кезде тиісті талап қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыстыруға міндетті.

Тауар (жиынтықтаушы бұйым) ауыстырылған кезде, егер шартта өзгеше көзделмесе, кепілді мерзім оны тұтынушыға берген күннен бастап қайтадан есептеледі.

Егер талап қойылған кезде сатушыда (дайындаушыда) ауыстыруға қажетті тауар болмаса, ауыстыру осындай талап қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жүргізілуге тиіс.

Тұтынушының талабы бойынша сатушы (дайындаушы) тауарды ауыстыру туралы талап қойылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде тұтынушыға тауарды ауыстыру кезеңінде жеткізуді өз есебінен қамтамасыз ете отырып, сондай тұтынушылық қасиеттерге сай келетін соған ұқсас тауарды уақытша өтеусіз пайдалануға беруге міндетті.

2. Сатушы (дайындаушы) тұтынушыдан тиісті емес сападағы тауарды қабылдап алуға, ал қажет болған жағдайда тауардың сапасына тексеру жүргізуге міндетті. Сатушы (дайындаушы) тұтынушыға тауардың сапасын тексеруге қатысуға құқылы екендігін, ал егер осындай тексеруді дереу жүргізу мүмкін болмаса, тауардың сапасын тексеру өткізілетін орны және уақыты туралы хабарлауға міндетті.

Тұтынушы мен сатушы (дайындаушы) арасында тауардың кемшіліктерінің болуы және олардың пайда болу себептері туралы дау туындаған кезде сатушы (дайындаушы) тауардың сараптамасын өз есебінен жүргізуге міндетті. Сараптаманың жүргізілу орны және уақыты туралы тұтынушы жазбаша нысанда хабардар етілуге тиіс.

Сатушы (дайындаушы) сараптаманың құнын төлейді. Егер тауардың сараптамасы нәтижесінде тауардың кемшіліктері жоқ екендігі немесе кемшіліктер тұтынушының тауарды пайдаланудың, сақтаудың, тасымалдаудың белгіленген қағидаларын бұзуы немесе үшінші тұлғалардың әрекеттерінен не еңсерілмейтін күштің салдарынан тауар тұтынушыға берілгеннен кейін пайда болғаны анықталса, тұтынушы сатушыға (дайындаушыға) сараптама жүргізуге жұмсалатын шығыстарды, сондай-ақ оны жүргізуге байланысты тауарды тасымалдауға арналған шығыстарды өтеуге міндетті.

Тұтынушы сапаны тексеруге және тауардың сараптамасын жүргізуге өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға, тауар сараптамасы қорытындысына сот тәртібімен дау айтуға, сондай-ақ тауардың сараптамасын өз есебінен жүргізуге құқылы.

3. Тиісті емес сападағы тауар соған ұқсас жаңа тауарға, яғни бұрын пайдаланылмаған тауарға ауыстырылуға тиіс.

17-3-бап. Тұтынушының жеке талаптарын қанағаттандыру мерзімдері

Тұтынушының тауардың сатып алу бағасын мөлшерлес азайту, тұтынушының немесе үшінші тұлғаның тауардың кемшіліктерін түзетуге жұмсаған шығыстарын өтеу туралы талаптары, сондай-ақ тиісті емес сападағы тауарды сату не тауар туралы тиісті

емес ақпаратты беру салдарынан тұтынушыға келтірілген залалдарды өтеу туралы талабы тиісті талап қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сатушының ( дайындаушының) қанағаттандыруына жатады.»;

12) 18-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұтынушыда тауарды сатып алу фактісін растайтын құжаттың болмауы оны куәлардың айғақтарына, сондай-ақ шарттың жасалу фактісін немесе оның талаптарын растау үшін құжаттарға және басқа да дәлелдеу құралдарына, оның ішінде фото және бейне тіркеуге сілтеме жасау құқығынан айырмайды.»;

13) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«23-бап. Сатушының (дайындаушының, орындаушының) кепілді мерзімді белгілеу жөніндегі құқықтары мен міндеттері

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше айқындалмаса, дайындаушы (орындаушы) тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) кепілді мерзімді белгілеуге құқылы, осы мерзім ішінде тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшілігі анықталған жағдайда дайындаушы (орындаушы) тұтынушының осы Заңда белгіленген талаптарын қанағаттандыруға міндетті.

2. Сатушы дайындаушы (орындаушы) белгілеген кепілді мерзімді ұзартуға құқылы, бірақ оны қысқартуға құқылы емес.

3. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) тауардың кепілді мерзім аяқталғаннан кейін анықталған кемшіліктеріне қатысты міндеттемені (қосымша міндеттемені) қабылдауға құқылы.

Дайындаушының қосымша міндеттемесінің мазмұнын, мұндай міндеттеменің қолданылу мерзімін және осындай міндеттеме бойынша құқықтарды тұтынушының жүзеге асыруы тәртібін сатушы (дайындаушы, орындаушы) айқындайды.

4. Егер дайындаушы (орындаушы) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кепілді мерзімді белгілеу жөніндегі міндеттемені орындамаса немесе оны тиісінше орындамаса, сатушы тауарға кепілді мерзімді белгілеуге міндетті.

5. Осындай міндеттемені орындау үшін материалдардың, жиынтықтаушы немесе қосалқы бөлшектердің болмауына байланысты оны орындау мүмкін болмайтын жағдайда кепілді міндеттеме тоқтатылмайды.

1 4 ) 2 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) шарттың жазбаша нысаны талап етілген жағдайларда осы Заңда шартты ресімдеуге белгіленген жалпы талаптарға сәйкес тұтынушылармен шарт жасасуға;»;

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Тауарды сатушы (дайындаушы) сатуға міндетті, ал тұтынушы бағалар заттаңбасымен ресімделген, сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витриналарына қойылған, көрсетілген құнына сәйкес сатып алуға құқылы.

Сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға), Қазақстан Республикасының



заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда:

- 1) фото-бейне түсірілімдерге қатысты тұтынушылардың құқықтарын шектеуге;
- 2) тұтынушыны және оның заттарын тексеріп қарауды жүзеге асыруға тыйым салынады. » ;

15) 25 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сатушы (дайындаушы) осы Заңның 30-бабының 1-тармағына сәйкес айырбастауға немесе қайтарып беруге жатпайтын тиісті сападағы тауар туралы уақтылы хабарлауға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 5, 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтармен толықтырылсын:

«5. Тауар туралы ақпарат ол өткізілетін жерлерде орналастырылуға, сондай-ақ, егер тауар электрондық сауда арқылы өткізілетін болса, байланыс құралдарының көмегімен тұтынушыға жеткізілуге тиіс.

6. Сатушы өндірушіден (импорттаушыдан) тауар туралы тиісті ақпаратты алмаған жағдайда жауаптылықтан босатылмайды.

7. Тұтынушыға міндетті сертификаттауға жататын өнімнің сертификатталуы туралы ақпарат берілуге тиіс.

8. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) тауар және белгілі бір жағдайларда өмірге, денсаулыққа, мүлікке және қоршаған ортаға қауіпті болуы мүмкін ықтимал салдар туралы ақпаратты тұтынушыға хабарлауға міндетті.

9. Сатушы Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізуге және оларға басқа елдерде өндірілген тауарлармен бірдей еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

10. Бір тілде немесе шет тілінде берілген ақпарат берілмеген болып есептеледі.»;

16) 26-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) көзге түсетін жерде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі функциялар берілген органның мекенжайын және телефон нөмірін, тауарларды өткізу (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) қағидалары туралы, сондай-ақ сатушыдан кассалық чекті немесе тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін куәландыратын өзге де құжатты талап ету міндеттілігі туралы ақпаратты тұтынушының назарына жеткізуге міндетті.»;

17) 28-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушыға ыңғайлы уақытта тиісті сападағы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатушының (дайындаушының, орындаушының) жұмыс режимін ескере отырып, еркін таңдауын қамтамасыз етуге міндетті. Тұтынушыны тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өзіне қажетсіз мөлшерде және (немесе) ассортиментте сатып алуға мәжбүрлеуге тыйым салынады.»;

18) 29-бап мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«6. Кемшіліктерінің болуы оның қауіпсіздігі жөніндегі Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу болып табылатын тауарды өткізуге (жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге) тыйым салынады.

7. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) тауарға техникалық қызмет көрсетуді және кепілдікті жөндеуді, сондай-ақ техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдар үшін қосалқы бөлшектерді қажетті көлемде және ассортиментте шығаруды және беруді оны шығарудың бүкіл мерзімі ішінде қамтамасыз етуге міндетті

19) 30-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Сатушы (дайындаушы) жарамдылық мерзімі өткен соң сатылған, техникалық регламенттерде, өнімдер жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде зияткерлік меншік құқығын бұза отырып шығарылған тауарды оның пайдаланылғанына, тауарлық түрінің, тұтынушылық қасиеттерінің, пломбаларының, заттаңбаларының сақталуына қарамастан, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде тұтынушыға сатып алынған тауар үшін ақшалай соманы қайтарып бере отырып, тауарды ауыстыруды немесе қайтарып беруді қамтамасыз етуге міндетті.»;

20) 31-бап мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«5. Тауарларды өндіру (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) кезінде материалдарды, жабдықты, құрал-саймандарды және өзге де құралдарды пайдалануға байланысты дайындаушының (орындаушының) ғылыми және техникалық білім деңгейі олардың ерекше қасиеттерін және сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік бергеніне қарамастан, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиян өтелуге жатады.

6. Егер тауар тегін немесе төмендетілген бағамен берілген, сатылған, ал қызмет өтеусіз көрсетілген болса сатушы (дайындаушы, орындаушы) тұтынушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиян үшін де жауапты болады.

7. Сатушы (дайындаушы, орындаушы) зиянның үшінші тұлғалардың әрекеттерінің не еңсерілмейтін күштің немесе тұтынушының белгіленген тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) пайдалану, сақтау қағидаларын бұзуы салдарынан келтірілгені туралы дәлелдерді ұсынған кезде, ол жауаптылықтан босатылады.»;

21) 32-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Сатушы (орындаушы, дайындаушы) тауарды (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің нәтижесі) немесе оның бір бөлігін пайдаланудың белгіленген мерзімі (жарамдылық, қызмет ету мерзімі), оны пайдаланудың міндетті шарттары және оларды орындамаған жағдайда болатын ықтимал салдар туралы, сондай-ақ осы мерзім аяқталғаннан кейінгі қажетті іс-әрекеттер туралы тұтынушыны ескертуге тиіс.»;

22) 35-бап мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«6. Шартта көзделген кепілді мерзім екі жылдан (жылжымайтын мүлікке бес жылдан) кем болған және жұмыстың (көрсетілген қызметтің) кемшіліктерін тұтынушы

кепілді мерзім өткеннен кейін, бірақ екі жыл (жылжымайтын мүлікке бес жыл) шегінде анықтаған жағдайларда, егер тұтынушы осындай кемшіліктердің жұмыстың (көрсетілген қызметтің) нәтижесін ол қабылдап алғанға дейін немесе осы кезге дейін пайда болған себептер бойынша туындағанын дәлелдесе, осы баптың 1-тармағында көзделген талаптарды қоюға құқылы.

7. Жұмыстың (көрсетілген қызметтің) елеулі кемшіліктері анықталған жағдайда, егер кемшіліктердің жұмыстың (көрсетілген қызметтің) нәтижесін қабылдап алғанға дейін немесе осы кезге дейін пайда болған себептер бойынша туындағанын дәлелдесе, тұтынушы орындаушыға кемшіліктерді тегін жою туралы талап қоюға құқылы. Бұл талап, егер осындай кемшіліктер жұмыстың (көрсетілген қызметтің) нәтижесін қабылдап алған күннен бастап екі жыл (жылжымайтын мүлікке қатысты бес жыл) өткеннен кейін, бірақ жұмыстың (көрсетілген қызметтің) нәтижесіне белгіленген кепілді мерзім шегінде немесе егер кепілді мерзім белгіленбесе, жұмыстың (көрсетілген қызметтің) нәтижесін қабылдап алған күннен бастап он жыл ішінде анықталған болса, қойылуы мүмкін.»;

23) 36-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Шарт жасасқан кезде көзделуі мүмкін болмаған, орындаушы беруге тиіс материалдар мен жабдықтардың, сондай-ақ оған үшінші тұлғалар көрсететін қызметтердің құны айтарлықтай өскен кезде орындаушының белгіленген сметаны ұлғайтуды талап етуге құқығы бар. Егер тұтынушы сметаны асырып жіберуге келісім бермесе, тараптардың қалауы бойынша немесе сот тәртібімен орындаушы шартты бұзуға құқылы.»;

24) 38-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер жұмыс толық немесе ішінара тұтынушының материалынан орындалатын болса, орындаушы сол материалдың сақталуына, оның дұрыс пайдаланылуына жауапты болады.»

Жұмысты орындау (қызмет көрсету) туралы шартта немесе жұмыстың орындалуын (қызмет көрсетілуін) растайтын өзге де құжатта тараптардың келісімімен айқындалатын тұтынушы материалының нақты атауы, сипаттамасы және бағасы көрсетілуге тиіс.»;

25) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«39-бап. Жұмысты орындағаны (қызмет көрсеткені) үшін ақы төлеу

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, орындалған жұмысқа (көрсетілген қызметке) ақы төлеудің нысаны мен тәртібі тұтынушы мен орындаушы арасындағы келісім бойынша айқындалады.

2. Орындаушы толық көлемде орындаған жұмысты тұтынушы қабылдап алғаннан кейін тұтынушы ол үшін ақы төлеуге міндетті. Тұтынушының келісімі бойынша жұмыстың ақысы шарт жасасқан кезде толық мөлшерде немесе аванс беру арқылы төленуі мүмкін.

3. Тұтынушы өзінің келісімінсіз орындалған қосымша жұмысқа (көрсетілген қызметке) ақы төлеуден бас тартуға құқылы, ал егер оларға ақы төленіп қойса, тұтынушы орындаушыдан төленген соманы қайтарып беруді талап етуге құқылы.»;

26) мынадай мазмұндағы 39-1-баппен толықтырылсын:

«39-1-бап. Электрондық сауда

1) Сатып алу-сату шарты тұтынушыны сатушы ұсынған тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сипаттамасымен ақпараттық технологиялар арқылы таныстыру негізінде жасалуы мүмкін.

2) Сатушы осы Заңның 25, 26-баптарында көзделген тауар туралы, сондай-ақ шарт жасасу туралы ұсыныстың қолданылу мерзімі туралы ақпаратты тұтынушыға шарт жасасқанға дейін беруге тиіс.

3) Тұтынушы тауардан (жұмыстан, көрсетілетін қызметтен) оны бергенге (жұмысты орындағанға, қызметті көрсеткенге) дейін кез келген уақытта, ал азық-түліктік емес тауарды бергеннен (жұмысты орындағаннан, қызметті көрсеткеннен) кейін күнтізбелік он төрт күн ішінде бас тартуға құқылы.

Егер тиісті сападағы тауарды қайтарып беру тәртібі мен мерзімдері туралы ақпарат қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда берілмесе, тұтынушы тауарды берген кезден бастап үш ай ішінде, жұмысты орындау (қызмет көрсету) басталған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде тауардан бас тартуға құқылы.

Тиісті сападағы тауар, егер ол пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері сақталса, сондай-ақ көрсетілген тауардың сатып алыну фактісі мен шарттарын растайтын құжат табыс етілген болса, қайтарып берілуі мүмкін. Тұтынушыда тауардың сатып алыну фактісі мен шарттарын растайтын құжаттың болмауы оның осы сатушыдан тауарды сатып алуының басқа дәлелдеріне сілтеме жасау мүмкіндігінен айырмайды.

Егер жеке айқындалған қасиеттері бар тиісті сападағы тауарды оны сатып алған тұтынушы ғана пайдалануы мүмкін болса, тұтынушының көрсетілген тауардан бас тартуға құқығы жоқ.

Тұтынушы тауардан бас тартқан жағдайда, сатушының қайтарылған тауарды тұтынушыдан жеткізуге арналған шығыстарын қоспағанда, сатушы шарт бойынша тұтынушы төлеген ақшалай соманы тұтынушы тиісті талапты қойған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей қайтарып беруге тиіс.

4) Егер шартта өзгеше көзделмесе, сатушы тұтынушының шарт жасасуға келісімін алған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде тауарды тұтынушыға жеткізіп беруге тиіс.

Тапсырыс берілген тауардың болмауына байланысты шартты орындау мүмкін болмайтын жағдайда, сатушы тұтынушыға ол туралы дереу, бірақ тұтынушының шарт жасасуға келісімін алған кезден бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлауға тиіс.

5) Тиісті емес сападағы тауарды сату салдары осы Заңның 15, 16, 17, 30, 31, 35-баптарында белгіленген.» ;

27) 40-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:  
«3. Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ олардың қауымдастықтарын (одақтарын) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қаржыландыруына тыйым салынады.» ;

28) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«41-бап. Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтарының (одақтарының) құқықтары

1. Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтары (одақтары):

1) уәкілетті органға және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге ;

2) тұтынушылардың құқықтарын бұзу фактісін қарауға жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік органдарға жүгінуге ;

3) тауардың тұтынушылық қасиеттерін, оған сұранысты зерделеуге, тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы туралы қоғамдық пікірді анықтау үшін халыққа сауалнама жүргізуге ;

4) өтініштер, шағымдар қабылдауды жүзеге асыруға ;

5) тұтынушының өтініші, шағымы келіп түскен жағдайда тауардың (жұмыстың, көрсетілген қызметтің) сапасын бағалау мақсатында мемлекеттік органдарға жүгінуге ;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен мемлекеттік органдарда, сондай-ақ өзге де қоғамдық бірлестіктерде тұтынушылардың мүдделерін білдіруге ;

7) тұтынушылардың мүдделеріне, оның ішінде тұтынушылардың белгісіз тобының мүдделеріне орай сотқа талап қоюға ;

8) тұтынушылардың проблемалары мен құқықтары жөніндегі ақпаратты зерттеуге және бұқаралық ақпарат құралдарында таратуға ;

9) әлеуметтік бағдарламаларды, жобаларды, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар негізінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған жекелеген іс-шараларды іске асыруға ;

10) тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) қауіпсіздігі жөніндегі міндетті талаптарды белгілейтін стандарттар мен нормативтік техникалық құжаттарды әзірлеуге қатысуға ;

11) сауда, тұрмыстық және басқа да қызмет көрсету түрлері саласында тұтынушылар құқықтарының сақталуы жөніндегі ақпаратты зерделеуге және тиісті мемлекеттік органдарға жіберуге ;

12) тиісті мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде шара қолдану үшін

бұзушылықтарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қауіпсіздік және сапа жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) шығаруға және өткізуге кінәлі тұлғаларға қатысты ақпаратты е н г і з у г е ;

13) тұтынушылардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құқықтары бұзылған жағдайда, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің мүшелері болып табылмайтын тұтынушылардың мүдделеріне орай талаптар қоюға;

14) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) сапасын зерттеу нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін іске асыруға ықпал ететін өзге де ақпаратты таратуға құқылы. Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері (олардың қауымдастықтары, одақтары) жариялайтын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) сапасын зерттеу нәтижелері жарнама болып табылмайды;

15) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасын арттыру бойынша, тауарларды шығаруды және өткізуді (жұмыстарды орындауды, қызмет көрсетуді) тоқтата тұру бойынша, оларға қойылатын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ішкі нарықтан қайтарып алу бойынша шаралар қолдану туралы ұсыныстарды тиісті мемлекеттік органдарға және ұйымдарға енгізуге;

16) тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тұтынушылардың құқықтарын қорғау, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен қауіпсіздігі саласындағы ашық және жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қ а л ы п т а с т ы р у ғ а қ а т ы с у ғ а ;

17) тұтынушыларға заңдық және консультациялық көмек көрсетуге;

18) тұтынушы мен сатушы (орындаушы, дайындаушы) арасындағы дауларды шешу кезінде медиация процесінде өз мүшелері арқылы тұтынушылардың мүдделерін б і л д і р у г е ;

19) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған тұтынушылардың құқықтарын және заңды мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар мен ескертулер енгізуге құқылы.

2. Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтары (одақтары) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша:

1) тұтынушылар шағымдарының саны және мазмұны;

2) жарғылық мақсаттарда өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат береді.».

**2-бап.** Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК